

**3.1.8.** Оқу сабақтарының уақытысында оқытушылар мен білім алушылардың барлық ұялы байланыс құралдары міндетті түрде өшірілулері қажет. Ресми іс – шаралар (жиналыстар, кеңестер, отырыстар) кезінде ұялы телефонның дыбысын өшіру қажет.

**3.1.9.** Түрлі іс – шараларда (жиналыстар, салтанатты отырыстар, іскерлік кездесулер, концерттер, мейрамдар) сөз сөйлеушілерге құрмет көрсетіп, тыныштық пен тәртіп сақтау қажет.

**3.1.10.** Мемлекеттік кәсіпорын іс – әрекетінің мәселелері бойынша көпшілік алдындағы сөз сөйлеулер басшымен немесе өкілетті тұлғамен жүзеге асырылуы тиіс.

Азаматтық қызметкерлер дискуссияларды азаматтық қызметтің беделін түсірмей әдепті формада өткізу қажет.

**3.1.11.** Азаматтық қызметкерлер мемлекеттік саясат және қызметтік іс – әрекет мәселелері бойынша өз пікірлерін көпшілік алдында айтуға қажет емес, егер ол:

1) Мемлекет саясатының негізгі бағыттарына сәйкес келмесе;

2) Мемлекет, мемлекеттік басқару органдарының лауазымды тұлғалары, өзге де мемлекеттік қызметкерлер атына этикасыз сөздер келтірсе.

**3.1.12.** Азаматтық қызметкерлерге мемлекеттік саясат, мемлекеттік орган мен мекемелердің іс – әрекетімен, мемлекеттік саясатты жүргізумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік кәсіпорын атынан жариялаулар жасауға жол берілмейді.

Азаматтық тұлға педагогтық, ғылыми және өзге де шығармашылық іс – әрекеті бойынша материалдарды басшылықтың келісімімен немесе жеке тұлға ретінде жүзеге асыра алады.

**3.1.13.** Азаматтық қызметкерлер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстануға, қоғамға қарсы қылықтарға жол бермеуі қажет.

## **3.2. Білім алушылардың арасындағы қарым – қатынас**

**3.2.1.** Білім алушылар арасындағы қарым – қатынастар өзара қызмет көрсету принциптерінде құрылған, ар-намысын шектеуге, моральдық немесе материалдық зардап келтіруге, құқығына қарсы іс – әрекеттер жасауға жол берілмейді.

**3.2.2.** Түрлі топтар, факультеттерде білім алушылардың әртүрлі қарым – қатынаста болуы көтермеленеді – оқу мәселелерін бірлесіп талқылау және шешу, жобаларды орындау, жалпы жастар іс – шаралары мен конкурстарға қатысу, бос уақыт іс – шараларын өткізу.

